

ные достижения в виде ключевых компетенций, среди которых ведущая роль отводится коммуникативной компетенции.

Появление компетенций – это закономерности развития истории образования, которое само отмечено изменениями в учебной деятельности. Резкое изменение многих профессиональных задач, в частности как результат введения новых технологий, требует новых действий и квалификаций, общеобразовательная основа которых должна быть заложена еще в школе.

Важным вопросом формирования коммуникативной компетенции является ее знаниевое содержание /1, 4/. Компетенции не могут быть сведены лишь к фактическим знаниям или к деятельностным умениям. Есть обучающиеся, которые имеют обширные знания, но в то же время совсем не знают, как их применить. Остается открытым вопрос, каким должен быть минимум, который следует знать всем учащимся к окончанию школы, вуза; какие элементы истории, искусства, литературы, науки и технологий надо включить в образование, чтобы обеспечить понимание сегодняшней ситуации, реалий жизни и способности адекватной деятельности, которые востребованы сегодня. Знания не могут оставаться академическими, и этот вопрос решается с помощью освоения коммуникативной компетенции.

Коммуникативная компетенция, таким образом, выступает не только как один из аспектов обучения в условиях поликультурного общества, но и как один из основных компонентов «стратегии саморазвития личности» /2, 147/, включающей в себя самопознание, самоорганизацию, самообразование и творческую самореализацию.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003 – №5.
- 2 Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы, 2010. – 344 с.
- 3 Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М., Просвещение, 1991. – 224 с.

АЙМАН-ШОЛПАН ЖЫРЫ- ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АСЫЛ ҮЛГІСІ

Сапанова З.Қ.,

Дружба орта мектебі, Қостанай қ., Қазақстан

Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті қорындағы ең мол саланың бірі – лиро- эпос. Осы салада терең зерттеулер жасаған ғалымның бірі Ысқақ Дүйсенбаев өз еңбегінде осы жанрға жататын үлгілерді үш топқа бөліп топтастырған:

Біріншісі – ел арасына көп тараған, ерте уақытта қағаз бетіне түсіп үлгерген, азды-көпті баспа жүзін көрген әйгілі шығармалар.

Екінші тобы – халыққа ауызша жетсе де, жарық көре алмаған поэмалар.

Үшінші тобы – Шығыс әдебиетінен ауысқан хикая-дастандар.

Оқиғасы кейінгі дәуірлерден алынған эпостық жырлардың бірі – «Айман – Шолпан». Бұл жырды ең алғаш Жүсіпбек Шайқысламов жазып алып, өңдеп, Қазан қаласында бес рет бастырған (1890, 1898, 1901, 1900, 1910). 1931 жылы жырды С. Сейфуллин «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары», 1939 жылы Қ. Жұмалиев «Халық поэмалары» деген жинақтарда жариялады. М. Әуезов осы сюжет негізінде өзінің «Айман – Шолпан» (1934) атты комедиясын жазды. Жырдың көркемдік ерекшеліктерін Ә. Қоңыратбаев және Ы. Дүйсенбаев жан-жақты зерттеген болатын.

Жырдың бізге жеткен нұсқасы мен жариялануы жөнінде ғалым Ы. Дүйсенбаев та: «Қазір бізге мәлім «Айман – Шолпан» жырының жалғыз ғана нұсқасы бар. Оның өзі революциядан бұрын бес рет басылып шыққан. Кейін осы нұсқа сол қалпында совет жылдарында да сан рет баспа жүзін көрді», – деген [3, 107].

Ал ғалым Ә. Қоңыратбаев жырдың жанрлық түрі туралы ойын:

«Айман – Шолпанның» жанрын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларына ұқсаған нағыз романтикалық-ғашықтық эпос үлгісі демесек те, Көтібарға олжа болатын қазақтың жазықсыз қыздары Айман мен Шолпан тағдырына қарап, оны лиро-эпосқа жатқызымыз деген.

Қашанда, қай жырды алсақ та оның тап-таза бір сипатта, бір текте ғана орындалмайтыны мәлім. Сондықтан біз ескі дәстүрді бұзбай, «Айман – Шолпан» жырын лиро-эпос тобында қарап тексеруді жөн көрдік», – деген Ы.Дүйсенбаевтың ойы да осы жерден шығады.

«Айман – Шолпан» жырының оқиғасы бұлдыр замандарға кететін аңыздық-ертегілік сюжет емес. Оның оқиғасы ХІХ ғасырдың І жартысындағы қазақ өмірінің шындығынан алынған. Поэмада күні өтіп бара жатқан ескіліктің көрінісі Маман мен Көтібар бейнесі арқылы берілген. Екеуі де екі рудың белді адамы. Бірі – елден асқан бай, бірі – кара күштің иесі, батыр. Маман мен Көтібарды бейнелеуде ажуалау, мысқылдау тәсілі ұтымды қолданылған. Айтушы асқа келген Маман мен Көтібардың тәкаппарлығын, бірінің байлығынан, бірінің батырлығын асыра мақтай келіп, екі «қошқарды» тез сүзістіреді. Мұны жырдағы ирония деп түсіну керек.

Егеске қатысқан кейіпкер Маман бай жыр бойында тіпті аз көрсетілген. Оның бойында өр көкіректік, байлықтың буына мас болу сияқты жиіркенішті мінездері анық көрінеді.

«Дастан кейіпкерлерінің бірі – кәрі батыр Көтібар. Дастанда негізінен сол Көтібар өмірінің бір эпизоды баяндалады, оның Маман баймен рулық тартысы суреттеледі.

Жырдың жағымды бейнеде алған адамының бірі - Арыстан. Жыр кейіпкерлеріне терең талдау жасаған ғалым Ысқақ Дүйсенбаев Арыстан бейнесін нақтылай аша келе мынадай тұжырымға келген: «Жырдағы жағымды көрінетін образдың бірі – Арыстан. Бірақ, ол оқиғаға белсене араласпайды, көбінесе сырттан бақылайды. Анда-санда тақсырет тартқан екі қызды есіркегені болмаса, немере ағасы Көтібардың ұрыншақ, оспадар мінезіне ашықтан-ашық қарсы шықпайды. Соның өзінде Арыстан бойынан Көтібарда жоқ көп қасиетті табамыз: сыпайылық, мейірімділік, әділдік, байсалдылық».

Айман – қазақ ауыз әдебиетіндегі жаңа образ. Ол өзіне дейінгі жыр, поэмалардағы қыздардай сүйген адамының шылауында жүретін, көмекшісі дәрежесінде емес, олардан анағұрлым жоғары болып суреттелген. Айман ел өміріндегі үлкен-үлкен әлеуметтік мәселелерді өз қолына алып, солардың бәрін де сүрінбей, өте тапқырлықпен, ақылдылықпен шешеді. Негізгі нысанасы – екі елді жауластырмай бітістіру. Айман образының жаңалығы да, ерекшелігі де осы айтылған әлеуметтік келелі мәселелердің шешімін таба білуінде.

Әлібек бұрынғы ғашықтық жырларында кездесетін қаһармандардың бірде-біреуіне ұқсамайды. Әлібек көкसेген арманына жете алмай қытымыр заман мен ескілік дәуірдің құрбандылығына шалынған Қозы Көрпеш немесе Төлеген емес, әншейін күнделік шаруасымен шұғылданып жүрген бір жан, реалистік бейне. Әлібек те Арыстан сияқты жаңа заманның адамы.

Жырдың аты «Айман – Шолпан» болған соң Шолпан еріксіз апасы Айманмен қатар басты кейіпкердің бірі ретінде алына тұрса да, оның өз бейнесі онша дамымаған, екінші планда қалып қойған. Шолпан атақты апасы Аймандай ашық, өткір, алғыр емес, оған мінезқұлқы жағынан қарама-қарсы қойылған кейіпкер.

Көтібардың ерке тоқалы Теңге эпизодтық персонаж. Дегенмен, ол феодалдық қоғамдағы қазақ әйелдерінің халін бір білдірсе, екіншіден, өзі қаласын, қаламасын, Айманның Көтібарға қарсы күресінде оған көмегін тигізеді, дәлірек айтсақ, Айман Теңгенің қызғаншақтығын өз мүддесіне шебер пайдаланады.

Көтібардың ұлы Есет те тарихта белгілі батыр. Әзірге Есет бала Айманның ермегі, өзі білмесе де сүйкімді өгей «шешесінің» одақтасы, жас жәрдемшісі. Бұл жырда Есет те өзінің шағын ролін қонымды атқарған.

«Айман – Шолпан» – композициялық құрылысы, оқиғаны баяндауы жағынан өзіндік ерекшелігі бар жырдың бірі. Жырдың басты ерекшелігі – оқиғаны шиеленіскен тартысқа құруында.

Екіншіден, жыршы ақын жағымсыз кейіпкерлерді суреттегенде, олардың мінездерін, іс-әрекеттерін күлкі, мазақ ете, сықақтай сипаттайды.

«Жырдың құрылысы, бейнелер жасау әдісі, тіл ерекшеліктеріне тоқталсақ, ақын негізінде ескіден келе жатқан дәстүрден шықпаған, көп жерлерде де ескі жырдың түрін, диалог қолдану үлгілерін кеңінен пайдаланған. Сырт қарағанда кейіпкерлердің бейнелерін беруде де онша жаңалық бірден көзге түсе қоймайды. Әйткенмен үңіле түскендей болсақ, көптеген жаңалықтарды, ауыз әдебиетінен көп жерлерде қол үзіп, жазба әдебиетінің дәстүріне ауа бастаушылықты немесе сол жазба үлгінің әдісіне бой ұрушылықты ап-айқын көреміз», – дейді жырдың көркемдік ерекшелігін терең зерттеуші ғалымдарымыздың бірі Ы. Дүйсенбаев.

Жырдағы қолданылған өлең өлшемі туралы зерттеушілер пікірі де бір жерден шығып жатады. Осы мәселеге орай Ә. Қоңыратбаев пен Ы. Дүйсенбаевтардың пікірлеріне жүгінсек:

«Айман – Шолпан» жыры 11 буынды қара өлеңмен жырланған. Екі қыздың оңаша сөздері, Айманның ішкі ойлары кейде қара сөзбен берілген. Әлібек келетін жердегі сөздер 7-8 буындық жырмен айтылған. Тілі таза, кітапшалау жоқтың қасы, ескірген сөздер де өте сирек кездеседі».

Жырдың сюжеті жұмыр боп келеді. Тартыс бас кейіпкер Айман тағдырына құрылған. Мысалы, жырдың басындағы Маман мен Көтібардың егесі сырт қарағанда оқиғаның байланысы сияқты. Расында егес, ас, бәйге – мұның бәрі жырдың экспозициясы ғана. Ол кезде Айман көрінбейді. Оқиғаның байланысы – Маман байды шауып алып, екі қыздың пенде болуы, дамуы – Шолпанның азаттық алуы, олжа бөлісі, шарықтау шегі – Әлібектің келуі, шешуі – екі елдің табысып, Әлібек пен Айманның қосылуы.

Жыр халықтың таза сөйлеу тіліне негізделген. Оның тілінде ирониялық сөздермен қатар фольклорға тән «ақ Айман», «сұлу Шолпан», «ер Әлібек» дейтін тұрақты эпитеттер де кездеседі. Басқа лиро-эпостық жырлардағыдай кейіпкерлер (әсіресе, арулар) бейнесінің кестелі сөздермен жасалған портреттерін көре алмаймыз.

Айманның қысқа портреті жырда бір-ақ жерде теңеумен берілген:

Айманның ақ мамықтай білегі бар.

Майысқан жез қармақтай сүйегі бар.

Поэмада қолданылатын негізгі әдіс – баяндау, монолог, диалог. Оқиғаны суреттеуде, кейіпкерлер образдарын жасауда пейзаж, портрет, суреттеу, жанама мінездеулер кездеспейді.

Адам образын, мінездерін жекешелеп көрсету айрықша суреттелмесе де, қаһармандардың іс-амалы және сөздерінің (монолог, диалог) өзінен-ақ қаһарман мінезінің кейбір жақтары көрініп қалып отырады. Сәл нәрсеге байланып:

Алмасам тоқалдыққа Айманыңды,

Көтібар менің атым жерге кірсін! –

деген сөздердің өзінен-ақ Көтібардың ой-өрісі, мінезі, қандай адам екендігі байқалады.

Екінші ерекшелігі халықтық юмор, сатира элементтерінде деуге болады. Оқиға желісі, негізінде, нәзік юмор, сатираға құрылған. Көтібар да, Маман да әр жағдайда-ақ көп алдында күлкі болып қалып отырады.

Поэманың стиліндегі юморлық, сатиралық әдіс оның тіліне де әсер еткен. Поэмада ирония, сарказмдер жиі ұшырайды. Мысалы, Айман:

Базарда Теңге болсаң, бұл боларсың,

Қолыңа құрық алсаң, құл боларсың.

Батырдың айтқан сөзі рас болса,

Қолыма су құятын күң боларсың, –

деп, Теңгенің есімін әжуалаудан бастап, сөзін астарлап қалжың, сықаққа айналдырады.

Біз зерттеу нысаны етіп отырған жырдың драмалық түрі жайында Ы. Дүйсенбаев былайша пікір білдірген екен: «Мұхтар Әуезовтің либреттосы бойынша жазылған «Айман –

Шолпан» музыкалы пьесасы қазақ опера театрының ең алғашқы репертуарынан берік орын алып, көп жылдар бойына сахнадан түспей келді».

Халық аңыз-әңгімелері мен жырларының тарихи рөлін кеңінен бағалай білген ғалым Ш.Уәлиханов көшпелі тайпалар тарихының белгісіз, күңгірт кезеңдерін айқындауда халық әдебиетін пайдаланудың аса қажеттігіне, олардың тек халық тарихын анықтауда ғана емес, сонымен бірге халықтың өмір шежіресін негіздеуде де басты мұра болып есептелетіндігіне айырықша назар аударуды жөн деп есептеген.

«Айман – Шолпан» жанры жағынан эпикалық поэмалар тобына жатады. Бұл поэма лиро-эпос пен тарихи поэманың түйіскен жырдың жаңа түрі. Поэманың оқиғасы өмірде болған, кейіпкерлерінің бірқатары елге мәлім адамдар. Бұл туралы бірнеше деректер де бар. Поэманың тууына негіз болған – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы оқиғалар. «Айман – Шолпан» поэмасында басқа лиро-эпостық жырлардағыдай сүйіспеншілік, махаббат мәселесі бірінші орында тұрмайды. Мұнда Әлібек пен Айман, Арыстан мен Шолпан арасындағы махаббат, алуан сезім дүниесі онша көрінбейді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласында үлкен саяси-әлеуметтік өзгерістер болып жатты. «Айман – Шолпан» поэмасында қазақ елінің сол кездегі өмірі реалистікпен бейнеленген. Ескі мен жаңаның арасындағы тартыс – поэманың негізгі тақырыбы. М.Әуезов жыр жөнінде: «Жырдың Көтібар, Есет сияқты кейіпкерлері өткен ғасырдың орта шенінде өмір сүрген адамдар екендігіне қарап дастан сол тұста немесе содан кейінгі кезеңде туған деп байлам жасауға болады», – дейді. Сонымен қатар, М.Әуезов жырдың халық арасына көп таралуының сыры оның образдық-сюжеттік негізінің өмірден алынған шынайылығында, реалистік ерекшелігінде деп көрсетеді: «Көркемдік қасиеті жағынан қазақ эпосының үздік үлгілері саналатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» немесе «Қыз Жібек» жырындай болмағанымен, «Айман – Шолпан» – халық арасына ең көп таралған дастандардың бірі.

Жырдың сюжеттік желісінде көрінетін әлеуметтік астар туралы 30-жылдары әдебиет алыптары М. Әуезов пен С. Мұқанов пікір таластырған. Бұл туралы С. Мұқанов: «Айман – Шолпанда» үлкен бір жиында Маман деген байдың Көтібар батырды қорлағаны, оған ашуланған батырдың Маманның Айман мен Шолпан деген екі қызын тартып алумен бірге байды шауып кетуі сөз болады. Отызыншы жылдардың аяғында осы жыр төңірегінде марқұм М. Әуезовпен баспасөз бетінде пікір таластырғаным бар. Сонда, меніңше, Көтібардың қылығы рушылдық қара дүрсінділікке жатқанымен, оның негізінде әлеуметтік астар, яғни байдың қорлығына кедейдің қарсы қимылы бар. Мен әлі сол пікірдемін», – дейді.

«Айман – Шолпан» – реформа дәуірінен кейінгі қазақ аулындағы әлеуметтік қарым-қатынастарды, қоғам өміріне, тұрмыс-салтқа енген өзгеріс, жаңалықтарды суреттеу идеясынан туған жыр. Ол өзінің осындай негізгі идеясын жырдағы басты кейіпкерлердің мінезін, іс-әрекеттерін суреттеу арқылы көрсетеді. Бұл ретте жырдың кейіпкерлері екі топқа бөлінеді. Біріншісі – ескілік өмірді, бұрынғы тұрмыс-салтты жақтайтындар. Екіншісі – жаңа туып келе жатқан капиталистік қарым-қатынасты, қоғам өмірінде соған негізделген жаңалықты жақтаушы жастар.

Лиро-эпостардағыдай махаббат, сүйіспеншілік мәселесі емес, арқауы әлеуметтік, тұрмыстық, тіршілік мәселелері болғаннан кейін поэманың өрнегі де сол өмірдің сипатын беруге арналған. Мұнда романтикалық серпін, асқақ әсірелеу, әр алуан қиялдан туған бейнелер жоқ, бәрі өмірдегі қалыпты адамдар.

«Айман – Шолпан» жырының оқиғасы реалистік өмірден алынған. Жырдың басты кейіпкерлері – Көтібар мен Арыстан – тарихта болған адамдар. Т. Шойғарин: «Көтібар Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының он бірінші аулында туған, ұрпақтары осы күнде де бар», – десе, Тыным Бірманов: «Ақтөбе облысының Ключевой ауданында Көтібардың моласы бар», – деп жазады. Ал жырдағы Айман, Шолпан, Әлібектер жайында тарихи мәліметтер жоқ.

«Айман – Шолпан» жыры өмір шындығынан алынған оқиғаға арналып бастан-аяқ реалистік мәнерде ешбір әсірелеусіз орындалған. Жыр мазмұнының негізгі арқауы, бір жағы, қазақ әйелдерінің бас бостандығы үшін күресі болса, сонымен бірге феодалдық тұрмыстың

жексұрын сарқыншақтарын әжуа ету, өлтіре шенеу», – деген Ы.Дүйсенбаевтың да пікірі алдыңғы ғалымдар ойларымен тоғысып, жырдың реалистік сипатын, тарихта болған адамдар өмірін суреттейтіндігін айқындай түсетіні даусыз.

Айман реформа дәуірінен кейінгі жерде қазақ қоғамына енген өзгерістер мен жаңалықтарға сәйкес әлеумет сахнасына шыққан жаңа адамдардың өкілі ретінде жырға қосылады. Ол жаңа дәуірдің жаршысы бейнесінде алынады және оның ақылы, мінезі, ісі Көтібар мен Маманға қарсы қойыла жырланады.

Жыршы-ақын халықтың арман-мақсатын поэмадағы жастар бейнесі арқылы берген. Ақын күні өтіп бара жатқан ескілікті ажуа, күлкі ете, сынап отырып, өзінің нені көздейтінін, нені жақтайтынын айқын білдірген. Ол жаңалықты қолдайды, ел бүтіндігін, бірлігін жақтайды, тыныштықты армандайды.

Қорыта келгенде, «Айман – Шолпан» – реформа дәуірінен кейінгі кезде қазақ қоғамына енген жаңалық, өзгерістерді шындық тұрғыдан бейнелеген халықтық жыр. Бұл жыр ескінің жеңіліп, жаңаның жеңетіндігін бейнелейді, әлеумет сахнасынан ығыстырылып бара жатқан және ескілікті қолдаушы адамдарға жаңа заманның жаңа адамдарын, жастарды қарсы қоя отырып, соңғыларын ардақтай жырлайды, үлгі етеді.

Қорыта келгенде жұмысты орындау барысында ғалымдар пікірлерін жүйелей келе мынадай негізгі түйіндер жасалды:

- «Айман – Шолпан» жыры кейінгі дәуірлерде, яғни XIX ғасырдың бірінші жартысында туындаған шығарма;

- жырдың негізгі кейіпкерлері тарихта есімдері мәлім адамдар болған.

- «Айман – Шолпан» жыры өмір шындығынан алынған оқиғаға арналып бастан-аяқ реалистік мәнерде ешбір әсірелеусіз орындалған;

- жырдың басты кейіпкері Айман – қазақ ауыз әдебиетіндегі жаңа образ. Ол өзіне дейінгі жыр, поэмалардағы қыздардай сүйген адамының шылауында жүретін, көмекшісі дәрежесінде емес, олардан анағұрлым жоғары болып суреттелген.

- жырдың көркем тілі өзге жырлардан көркемдік бояуының (жырларға тән эпитет, теңеу, кейіпкер портретін жасау) аздығымен, диалог, монологтың шебер қолданылуымен ерекшеленеді.

- жалпы жыр тілінен жазба әдебиетінің дәстүріне ауа бастаушылықты немесе сол жазба үлгінің әдісіне бой ұрушылықты ап-айқын көреміз (Ы.Дүйсенбаев).

- «Айман – Шолпан» – реформа дәуірінен кейінгі кезде қазақ қоғамына енген жаңалық, өзгерістерді шындық тұрғыдан бейнелеген халықтық жыр. Ескі мен жаңаның тартысын, күні өтіп бара жатқан ескілікті ажуа, күлкі ете, сынау, жаңалықты қолдау жырдың негізгі идеялық түйіні.

«Айман – Шолпан» – қазақ халқының ертедегі өмір ерекшеліктерін неғұрлым мол бейнелейтін жырларының бірі. Жырдың тарихи сипаты мен әлеуметтік мәнін зерттеу, көркемдік маңызын пайымдау – бүгінгі ғылым үшін өзектілігі жойылмаған мәселелердің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алма-Ата, 1985.

2 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алма-Ата: «Жазушы», 1985. – 368 б.

3 Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы. – Алма-Ата: «Ғылым», 1973. – 149 б.

4 Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. – Алма-Ата, 1978.

5 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алма-Ата: «Ана тілі», 1993. – 320 б.